

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

**Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі
Қ.А. Өскембаевқа**

2022ж. «26» қазанда жарияланды

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы!

Депутаттық сауалымызға мектептерді жобалау кезінде, сондай-ақ жалпы білім беру ұйымдарында мүгедектігі бар оқушыларымыздың арба көмегімен жүретін оқушыларға Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларында көрсетілген лифттердің, мектеп жобаларында қарастырылмауы және ол проекттерді сараптау кезінде лифттерді орнатуын талап етпеу себеп болды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруға байланысты реформалар жөніндегі Жоғарғы кеңестің отырысында Үкімет мүшелеріне тапсырма берді, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының негізгі тәсілдерін бекітті. «Жайлы мектеп» ұлттық жоба аясында 800 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы мектептер, 143 мектеп салу жоспарланып отыр.

Өңірлерді аралап, ауылдар мен аудан орталықтарындағы жаңа мектептердің құрылыс барысымен танысқан кезде, жүріп-тұру мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мектептерге қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін талаптар жартылай ғана орындалғанын, екінші қабаттағы сабақтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін лифттердің орнатылмағандығын анықтадық. Ал, мектептерде мамандандырылған сыныптар әртүрлі қабаттарда орналасқанын білесіздер. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кейбір сабақтар

бірінші қабаттағы жабдықталмаған кабинеттерде өтеді, немесе мүлдем өтпейді екен.

2018 жылғы 3.06-101-2012 Қазақстан Республикасының Ережелер жиынтығының талаптарына сай 4.3.10.4 тармағында лифт қажеттілігіне қатысты қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділігінің көзделгенін ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау кезінде мүгедектер арбасын пайдаланатын оқушылар үшін арнайы лифт қамтамасыз етілуі тиіс.

Алайда, аталған жобалардың экспертиза кезінде Қазақстан Республикасының Ережелер

Жинағының талаптары орындалмаған, осылайша жобалардың сараптамасынан өту ережелері және ең бастысы, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары бұзылған.

- 2018 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан мектептер салу жобалардың сараптамасынан өту кезінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды лифтпен қамтамасыз ету ережелерінің талаптары неге ескерілмегендігін түсіндіруіңізді сұраймыз?

- «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру барысында 800 мың оқушы орынға арналған жаңа форматтағы мектептерді салуда лифт қарастыру арқылы мүмкіндігі шектеулі оқушылардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету тетіктерін жүзеге асыру өзекті.

Мәселені өз бақылауыңызға алып, заңда белгіленген мерзімде қабылданған шаралар туралы жазбаша хабарлауыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,
Депутаттар, «АМАНАТ»
партиясының фракция мүшелері**

Елюбаев М.С.

**Кучинская Ю.В.
Әбсеметова Ә.М.**

**Қазақстан Халық партиясының
Фракция мүшесі**

Магеррамов М.М.